

Асқар ЗАКАРИН

Белгілі қазақ ғалым-математигі, қоғам және мемлекет қайраткері. 12 жасында жетім қалған ол ауылдық мектептен М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетіне дейінгі өмірлік қиындықтарды батыл жеңе отырып, білімнің шыңына жетті. А. Закарин - ММУ механика-математика факультетінің қазақтан шыққан тұңғыш түлегі (1937). Ал 1948 жылы ол жоғары геометрия мәселелері бойынша кандидаттық диссертациясын қорғады.

Еңбек және ғылыми өмірбаянына тоқталсақ, 1937-1941 жылдары Абай атындағы ҚазПИ-дің оқытушысы, 1941-1946 жылдары Ұлы Отан соғысының қатысушысы, ордендермен және медальдармен марапатталған, 1946 жылы соғыстан оралған ол Абай атындағы ҚазПИ-ге орналасып, 1950 жылға дейін доцент міндетін атқарады. 1950-1953 жылдары Абай атындағы ҚазПИ директоры, 1953-1955 жылдары С. М. Киров (қазіргі Әл-Фараби) атындағы ҚазМУ-дің ректоры, 1955-1958 жылдары Қазақ КСР білім министрі, 1958-1961 жылдары Қазақ КСР Министрлер Кеңесі төрағасының орынбасары және сыртқы істер министрі, 1961-1970 жылдары С. М. Киров атындағы ҚазМУ-дің ректоры, 1964-1970 жылдары Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің төрағасы, 1970-1984 жылдары С. М. Киров атындағы ҚазМУ-дің жоғары геометрия кафедрасының меңгерушісі, профессоры болып қызмет істеген.

«Еңбек Қызыл Ту» және «Қызыл Жұлдыз» ордендерімен, «Германияны жеңгені үшін» және «Жапонияны жеңгені үшін» медальдарымен марапатталған.